

ӘӨЖ 378.1
МРНТИ 14.01.11
DOI 10.56525/ASXO2026

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ БАСҚАРУШЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жусип А.О.¹, Калиева Э.И.¹

¹Есенов университеті, Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: aigul.opaqyzy@gmail.com; elmira.kaliyeva@yu.edu.kz

Андатпа. Бұл мақалада қазіргі жоғары білім беру жүйесінде студенттердің басқарушы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда Абай Құнанбайұлының философиялық және этикалық мұрасын қолданудың педагогикалық тиімділігі зерттелген. Зерттеу барысында басқарушы мәдениетті тек ұйымдастырушылық және кәсіби қабілет ретінде емес, сондай-ақ эмоциялық интеллект, этикалық рефлексия және рухани сана арқылы кешенді құбылыс ретінде қарастыру негізге алынған. Зерттеуде Абай Құнанбайұлы шығармаларының қазіргі жоғары білім беру жүйесіндегі студенттердің басқарушы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы педагогикалық әлеуеті қарастырылады.

Мақалада Абайдың қара сөздері мен өлеңдеріндегі басқарушы, адамгершілік және этикалық идеялар заманауи білім беру менеджментінің құндылықтарымен салыстырыла талданады. Ақынның «Адам бол!» қағидаты, еңбексүйгіштік, әділдік пен жауапкершілік идеялары студенттің тұлғалық кемелденуіне және кәсіби қарым-қатынас мәдениетін дамытуға бағытталған негізгі психологиялық-педагогикалық тетік ретінде қарастырылады. Жоспарланып отырған зерттеу жұмысы диагностикалық, тәжірибелік және қорытынды кезеңдерден тұрады. Онда Абай шығармалары негізінде ұйымдастырылатын сыныптан тыс іс-шаралардың студенттердің басқарушы мәдениетіне ықпалы талданбақ. Әдістемелік негіз ретінде салыстырмалы-талдамалық, тарихи-философиялық және педагогикалық модельдеу тәсілдері қолданылмақ.

Мақалада Абайдың «Толық адам» концепциясы және қара сөздеріндегі рухани-адамгершілік қағидалардың студенттердің эмоционалдық интеллекті мен коммуникативтік құзыретін дамытудағы рөлі теориялық тұрғыдан негізделеді.

Сонымен қатар, Абай философиясы қазіргі менеджмент теориялары мен көшбасшылық тұжырымдамаларымен үндесіп, студенттердің кәсіби және тұлғалық дамуына интегративтік негіз береді. Мақала білім беру процесінде ұлттық рухани мұра мен заманауи педагогикалық әдістерді біріктірудің әдістемелік және практикалық құндылығын дәлелдейді, бұл бағыт студенттердің басқарушы мәдениетін қалыптастырудағы инновациялық педагогикалық тәжірибе ретінде ұсынылады.

Түйін сөздер: Абай Құнанбайұлы, басқарушы мәдениет, «Толық адам» тұжырымдамасы, жоғары білім, көшбасшылық, этика, педагогикалық шарттар, студенттік орта.

Кіріспе. Қазіргі жаһандану дәуірінде жоғары білім беру жүйесінің басты мақсаты – кәсіби құзыретті, адами қасиеті жоғары, жауапкершілігі мен басқарушы мәдениеті қалыптасқан мамандарды даярлау. Білім берудегі менеджмент саласы студенттің тұлғалық, коммуникативтік және көшбасшылық қабілеттерін дамытумен тығыз байланысты. Осы тұрғыда қазақ руханияты мен мәдениетінің мәңгілік іргетасы болып саналатын Абай Құнанбайұлының шығармалары – басқарушы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың құнды педагогикалық-рухани көзі болып табылады.

2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына арналған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» тақырыбындағы

Жолдауында біздің еліміздің болашақ дамуына және тағдырына, халықтың бірлігіне, ұлттың бірлігіне қатысты маңызды және көлемді мәселелер көтерілді [1]. Бұл идеялар ұлы Абайдың шығармашылық мұрасымен терең үндеседі. Хакім Абай өз өлеңдері мен қара сөздерінде ел бірлігі, әділетті қоғам мен адамдық қасиет тақырыптарын тереңнен қозғаған. Ел Президентінің Жолдауы мен қазіргі ғылыми ізденістердің идеялық тоғысуы осы тұстан бастау алады.

Мемлекет басшысы өзінің 2020 жылы Абайдың 175 жылдық мерейтойына арнап жариялаған «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» деген мақаласында абайтанушы ғалымдардың назарын біртұтас, адамгершілікті және әмбебап адам ілімі – «Толық адам» тұжырымдамасына аудартады [2]. Президент атап өткендей, «Абайдың ой-толғамдары адамзат өркениетінің құндылықтарымен үндес, оларды ұлт болашағын тәрбиелеудің іргетасы ету – біздің парызымыз». Бұл идеялар білім беру жүйесінде де өзекті, себебі Абай ілімі – тұлғаның адамгершілік кемелденуі мен интеллектуалдық дамуында үйлесім орнатуға бағытталған.

Абайдың өз шығармаларындағы негізгі ұстанған этикалық қағидасы – бұл «Адам бол!» деген үндеуі – ол ойшыл-ақынның шығармашылығының өзегіне айналды. Абай үндеуінің этикалық мәні – адамның өмірдегі міндеті мен рөлін жоғары бағалау. Адам – ақын көзқарасында ақыл-ойдың, адамшылықтың, еңбексүйгіштіктің және білімділіктің, достық пен махаббаттың түгелдей көрініс табуы, жинақталуы. Ай мен күн – аспан әлемінің әшекейі, орман мен жемістер – таудың әшекейі, ал жердің сәні – адам. Абай үлкен мақтанышпен: «Адам деген даңқым бар!» – деп жар салады [3]. Абай адамның рақымды болуы оның Құдай тағаланың көрінен қорыққандығына байланысты емес, оның өз қылықтары үшін ар алдында, ақыл-ойы, өзін қоршаған адамдар алдында жауапкершілігін сезінуімен деп есептейді. Абайдың этикалық тұжырымдамаларында «еңбек» ұғымының айырықша орны бар, өйткені қазақтың ойшыл-ақынының еңбектің адам өміріндегі мәні туралы айтылмайтын шығармасы жоқ деп әсірелеусіз айта аламыз. Еңбек әрекетін Абай адамның рухани, ақыл-ойының қалыптасуының негізі деп есептеді. [4, 219 б] Ол сонымен қатар, еңбек адам жанын түлетеді, ал еңбектен алыс жүретін жалқауларда жаман әдеттерге бейімділіктер көп кездесетінін келтіреді. «Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады», – деп жазады «Ғақлиясында» [4, 207 б.]. Еңбек, халық атына еңбек ету – адамның мінез-құлқы мен іс-әрекеттерінің өлшемі, ең жоғарғы игілікті іс деп сенеді ойшыл. Халыққа қызмет ету идеясы, өз мүддесінен халық мүддесінің басымдылығы Абай шығармашылығының арқауы болып өтті. Адамның қалыптасу процесінде тәрбиенің, қоршаған ортаның рөліне үлкен мән бере отырып, Абай өзін-өзі тәрбиелеумен айналысудың қажеттілігі туралы ойды баса айтады. Адам өз-өзіне басқаша көзбен қарауға, өзіндік талдау, өзіндік баға беру, өзіндік бақылау қажеттілігі туралы есте сақтауға тиіс. «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмысында бір, ең болмаса, айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзін өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» – деген тоқтамға келеді қазақ ойшылы [4, 151 б.]. Бұл жерде қазақ ойшылының бүгінгі күні өте өзекті тақырыпты – эмоционалдық интеллект мәселесін қозғағаны көңіл аударарлық. Абайдың адамның ішкі жан дүниесіне, ақыл мен жүректің өзара үйлесіміне назар аударуы қазіргі жоғары оқу орындарында студенттердің басқарушы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру ұғымымен тікелей сабақтас. Басқарушы мәдениет тек ұйымдастырушылық қабілет пен шешім қабылдау іскерлігін ғана емес, сонымен бірге өз сезімін түсініп, өзгелердің эмоциясын бағалай білу, сабыр мен әділдік таныту сияқты эмоционалдық-интеллектуалдық қасиеттерді де қамтиды. Бұл ой қазіргі басқарушы қарым-қатынас мәдениетінің негізгі компоненттерімен — өзін-өзі реттеу, эмпатия, сенім мен өзара сыйластық орнату қабілеттерімен үндеседі.

Сондықтан Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы эмоционалдық тепе-теңдік, сабыр мен қайрат, ақыл мен әділет үйлесімі студенттердің тұлғалық дамуында және болашақ кәсіби

басқарушы мәдениетті қалыптастыруда маңызды психологиялық-педагогикалық негіз болып табылады. Ұлы ойшылдың бұл идеялары бүгінгі білім беру процесінде рухани құндылықтар мен заманауи басқарушы дағдылардың өзара тоғысуына жол ашады.

Еліміздегі 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаттарының бірі – тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу және оқыту болып табылады [5]. Бұл мақсат Абай Құнанбайұлының рухани мұрасымен және оның «Толық адам» ілімімен өзара үйлеседі. Ұлы ойшылдың шығармаларындағы адамгершілік, еңбекқорлық және жауапкершілік қағидалары ЖОО студенттерінің басқарушы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда маңызды бағыт болып табылады.

Абай шығармашылығын басқарушы мәдениетті қалыптастыру құралы ретінде қарастырудың ғылыми жаңалығы – оның этикалық және философиялық қағидаларын заманауи педагогикалық әдістермен ұштастыруында. Зерттеу барысында студенттер арасында Абайдың қара сөздері мен өлеңдеріне негізделген эксперимент жүргізіліп, басқарушы қарым-қатынас мәдениетінің деңгейі салыстырмалы түрде талданады.

Абайдың шығармаларындағы идеялар бүгінгі жастардың рухани және кәсіби дамуында ерекше маңызға ие. Қазіргі білім берудің басты миссиясы – кәсіби ғана емес, рухани-интеллектуалды басқарушы тұлға қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда, Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасы – жоғары оқу орны студенттерінің басқарушы қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеудің әдістемелік және құндылықтық іргетасы болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Басқарушы мәдениет – бұл тек ұйымдастырушылық қабілет немесе көшбасшылық емес, сонымен қатар коммуникациялық этика, жауапкершілік, эмоциялық интеллект және рухани сана ұғымдарымен сабақтас кешенді құбылыс. Осы тұрғыдан алғанда, Абайдың қара сөздері мен философиялық ойлары қазіргі білім берудегі менеджменттің терең теориялық және құндылықтық негізін құрайды. Осы идеяларға сүйене отырып, зерттеу жұмысы Ш. Есенов университетінің педагогикалық бағыттағы бакалавриат студенттері арасында жүргізіліп, оның мақсаты – Абай Құнанбайұлы шығармалары арқылы студенттердің басқарушы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың тиімділігін айқындау болмақ. Зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімі студенттердің басқарушы қарым-қатынас мәдениетін Абай Құнанбайұлы шығармалары арқылы қалыптастыру мақсатында жоспарланған педагогикалық экспериментті қамтиды. Эксперимент үш негізгі кезеңнен тұрады.

1. Диагностикалық кезең. Бұл кезеңде студенттердің басқарушы қарым-қатынас мәдениетінің бастапқы деңгейін анықтау көзделеді. Ол үшін мәдениеттің негізгі компоненттері – этикалық, коммуникативтік, эмоционалдық және рефлексивтік бағыттар бойынша сауалнама, педагогикалық бақылау және әңгімелесу әдістері қолданылмақ. Сонымен қатар студенттердің Абай шығармашылығынан хабардар болу деңгейі мен көркем мәтінді түсіну дағдылары да тестілеу арқылы анықталады.

2. Тәжірибелік кезең. Аталған кезеңде Абай Құнанбайұлының шығармаларына негізделген арнайы оқу-тәрбиелік бағдарлама енгізілуі жоспарлануда. Бағдарлама мазмұнына Абайдың қара сөздері мен өлеңдері енгізіліп, оларды басқарушы мәдениеттің моральдық және эмоционалдық аспектілерімен ұштастыра талдау көзделеді.

Тәжірибелік топ студенттерімен 8 апта бойы сабақтан тыс түрлі іс-шаралар – дебаттар, әдеби талқылаулар, эссе жазу, пікірталас және тұлғалық даму кездесулері т.б. ұйымдастырылмақ. Бұл іс-шаралар студенттердің өзін-өзі таныту, пікір білдіру, ұжымдық шешім қабылдау және эмоцияны басқару дағдыларын дамытуға бағытталады.

3. Қорытынды кезең. Қорытынды кезеңде студенттердің басқарушы қарым-қатынас мәдениетінің даму динамикасы қайта диагностикалау және салыстырмалы талдау арқылы бағаланбақ. Бұл кезеңде алынған деректер бақылау және тәжірибелік топтар арасында салыстырылып, енгізілген бағдарламаның тиімділігі анықталады.

Зерттеу барысында педагогикалық бақылау, сауалнама, сұхбат, мазмұндық талдау және эксперименттік әдістер кешенді түрде қолданылмақ. Студенттердің тұлғалық даму

деңгейін бағалау үшін М. Люшердің түстік тесті, К. Томас қақтығыс стильдері әдістемесі және эмоционалды интеллект диагностикасы пайдаланылуы жоспарланып отыр.

Экспериментке екі топ қатыстырылмақ:

– тәжірибелік топ – Абай шығармалары негізінде ұйымдастырылған сыныптан тыс тәрбие жұмыстары мен шығармашылық іс-шараларға қатысады. Бұл топқа арналған бағдарламада студенттердің басқарушы қарым-қатынас мәдениетін дамытуға бағытталған әдеби дебаттар, пікірталастар, эссе жазу, дөңгелек үстелдер және шығармашылық кездесулер өткізілуі жоспарланады;

– бақылау тобы – дәстүрлі оқу-тәрбие процесіне қатысып, қосымша іс-шараларға тартылмайды. Жоспарланып отырған тәжірибелік бағдарламаның мазмұны Абайдың адам мен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынас, еңбек пен әділет, рақым және жауапкершілік туралы этикалық қағидаларын студенттердің болашақ кәсіби қызметіндегі басқарушы және коммуникативтік дағдылармен ұштастыруды көздейді.

Эксперимент барысында студенттердің басқарушы мәдениетінің үш негізгі көрсеткіші бағаланады:

Коммуникативтік икемділік (тыңдай білу, кері байланыс орнату, дау-дамайларды шешу қабілеті);

Этикалық рефлексия (әділет, ұят, рақым категорияларын іс-әрекетте қолдану);

Эмоционалды интеллект (өз сезімін және өзгелердің эмоциясын тану, ашуды басқару, сабырлылық).

Абай мұраларындағы басқарушы құндылықтар мен қазіргі менеджмент қағидалары.

Абай шығармаларында кездесетін ақыл, әділет, рақым, ынсап, қанағат секілді ұғымдар — бүгінгі менеджмент этикасындағы leadership values ұғымымен үндес. Ақынның «Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесең істің бәрі бос» өлең жолы ұжымдық ынтымақтастық пен серіктестік мәдениетінің идеясын бейнелейді.

Қазіргі менеджмент ғылымында бұл қағида кооперативті көшбасшылық (collaborative leadership) моделімен түсіндіріледі. Drucker (1999) пікірі бойынша, тиімді басшы билік арқылы емес, сенім мен жауапкершілік мәдениеті арқылы ықпал етеді дейді [6].

Абайдың “Ғылым таппай мақтанба” атты өлеңі де менеджменттегі үздіксіз даму және өзін-өзі жетілдіру қағидасына сәйкес келеді. Бұл көзқарас студенттің өзіндік рефлексиясын дамытып, оқу үдерісінде мақсат қою мен нәтижеге бағытталуды қалыптастырады.

Сонымен қатар, Абайдың “Он тоғызыншы» қара сөзіндегі «адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, мінез, ар деген нәрселермен озбақ» тұжырымы қазіргі когнитивтік көшбасшылық тұжырымдамасымен (Mintzberg, 2004) астасады. Мұнда интеллектуалды басшылық тұлғаның логикалық ойлау мен моральдық шешім қабылдау қабілеттерін үйлестіруді көздейді. [7].

Қазіргі заманғы жоғары білім беру жүйесінде басқарушы қарым-қатынас мәдениеті ұғымы тұлғаның кәсіби және әлеуметтік құзыреттіліктерінің үйлесімді дамуын көздейді. Басқарушы мәдениет – адамның өзін-өзі реттей білуі, ұжыммен тиімді байланыс орнатуы және шешім қабылдауда этикалық жауапкершілікті ұстануы. Бұл тұрғыдан алғанда, Абай Құнанбайұлының шығармалары — рухани-адамгершілік және көшбасшылық құндылықтарды дамытудағы әмбебап педагогикалық құрал.

Абайдың 6, 37 және 45-қара сөздері тұлғааралық қатынастар мен басқарушы этиканың моральдық-психологиялық мазмұнын айқындайды. Мәселен, Абай 37-қара сөзінде «Адамның адамшылығы – істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес», – деп, басшы тұлғаның бастамашылдығы мен табандылығының маңызын көрсетеді. Бұл қазіргі көшбасшылық теорияларындағы transformational leadership (өзгеріс енгізуші басшы) моделінің негізімен ұштасады.

Абай «Ар, ұят, сабыр, рақым – адамшылықтың тірегі» деп, басшылықтың моральдық принциптерін белгілейді. Бұл ұғымдар қазіргі менеджменттегі эмоционалды интеллект пен этикалық көшбасшылықтың негізгі компоненттерімен сәйкес келеді.

Ал 45-қара сөзінде хақім Абай өз заманының адамдық қасиеттеріне сын көзбен қарап, елді адалдыққа, еңбекке, білімге үндейді. Ол «Қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің басын қосып, мен еткем – халыққа пайдалы болар деп...» деп, басқарушы іс-әрекеттің басты миссиясын – қоғамға қызмет ету деп айқындайды.

Абайдың шығармаларында адам жаратылысы һәм, оның жан сыры жайындағы терең философиялық, психологиялық ой толғаулары таным теориясының негізін құрайды. Ол өзіне дейінгі өмір сүрген Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қ.Яссауи және Ж.Румидің кемел адам жайлы ой-пікірлерін талдап, салмақты тұжырымдар жасады. VIII-IX ғасырда ғұмыр кешкен Әл-Фараби ұсынған моральдық-этикалық ілім негізіне, түркі халықтарының мінез-құлық, ой-сезімдерін, сергіту идеясы мен парасатты адам (инани фазыл) туралы танымы жатады. Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты философиялық трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік бере келіп: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес» [8], – дейді. Әл-Фараби түркі әлемінде өз философиясының негізі жүрекке баса мән беруі, Абай негізін қалаған «Толық адам» ілімінің түп төркінін білдіретін құнды дерек көздеріне жатады. Әл-Фарабидің осы философиялық тұжырымы Абайдың «Он жетінші» қара сөзінде логикалық жалғасын тапқан. Ғақлияшы осы сөзінде «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» үшеуі әрқайсысы өзін мықты санап, айтысып, таласып, соңында «ғылымға» келіп жүгінеді. Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдай келе: – Сен үшеуіңнің басынды қоспақ – менің ісім, – депті. Бірақ билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді: жақсылық айтқанына жаны – діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқанына ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады. Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басынды қос, бәрін жүрекке билет, – депті. Осы үшеуің бір кісідей менің айтқанымдай табысқандар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам сол. Үшеуің ала болсаң, мен «Жүректі» жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды» – деген қорытындыға келеді[9]

Абайдың «Толық адам» туралы концепциясының түп төркіні «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен бастау алады. Бұл өлең жыл өткен сайын өзінің философиялық, психологиялық, педагогикалық мән-мағынасын арттырып, қырлана түспесе, құнын жоғалтқан емес. Мұндағы «егер дүние бейне жүзік болса, онда адам оның бетіндегі гауһар» идеясы – гуманистік психологияның ең асылы, ең ардақты саналатыны «Адам». Сол адамның бойындағы болатын мінез-құлықтың ең басты сипаты неден тұрады? – деген сұраққа, әр заман ойшылдары өздері өмір сүрген дәуір талабына орай жауап бермекке ұмтылған. Исламият әлемінде, әсіресе, Түркістан өлкесінде бұл өзекті мәселеге Әл-Фараби бастаған XI ғасырдағы Жүсіп Қас Хаджиб, XII-XIII ғасырлардағы Ясауи, Ш.Табризи (Тарази), Ж.Руми жалғастырған жәуанмәртлік, хал ілімі, камили инсани жайындағы тың идеяларымен, ой-толғаныстарымен жаңа дем берген болса, ал XIX ғасырдың екінші жартысында Абай бұл мәселеге ерекше назар аударып, өзіне дейінгі ойшылдар дәстүрін өзіндік дүниетанымдық тұжырыммен қорытады. Абай адам болу хақысында «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде көп нәрсені жүйелей қамтып, толық адамға айналу формуласын дәл сипаттайды. М.Әуезов Абайдың бұл өлеңін мән-мағынаға толы, қорытынды ой түюге көмектесетін бағдарламалық өлең деп жоғары бағалайды [10]

Абайдың философиялық, этикалық және педагогикалық ойлары қазіргі білім берудегі менеджмент ұғымының рухани негізін құрайды. Басқарушы мәдениет тек кәсіби шеберлік емес, ол – адамның ішкі үйлесімі, әділет пен рақымға негізделген жүрек тәрбиесі.

ЖОО студенттерінің басқарушы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары. Жоғары оқу орны студенттерінің басқарушы қарым-қатынас

мәдениетін қалыптастыру – болашақ мамандардың кәсіби және тұлғалық дамуындағы маңызды педагогикалық міндеттердің бірі. Бұл үдеріс студенттің әлеуметтік белсенділігін, тұлғааралық өзара әрекеттесу дағдыларын, жауапкершілігі мен рефлексивтік ойлау қабілетін дамытуды көздейді.

Осы тұрғыда Абай Құнанбайұлының рухани мұрасын білім беру процесіне енгізу – басқарушы мәдениетті қалыптастырудың тиімді педагогикалық шарты болып табылады.

Абай мұраларын оқу-тәрбие процесінде қолдану үш негізгі бағытта жүзеге асырылуы жоспарланады:

1. Әлеуметтік-рухани бағдарлау. Абайдың қара сөздеріндегі адамгершілік және рухани-этикалық ұстанымдар студенттердің құндылықтық дүниетанымын қалыптастырудың іргелі негізін құрайды. Мысалы, 17-қара сөзіндегі «Қайрат, ақыл, жүрек» туралы философиялық қағида – тұлғаның ішкі үйлесімін табу және өзін-өзі басқару мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Бұл қағида арқылы студент адам мен қоғам арасындағы үйлесімді қатынастың мәнін түсініп, моральдық жауапкершілік пен рухани кемелдену ұстанымдарын меңгереді.

2. Коммуникативтік әрекет дағдыларын дамыту. Абай шығармаларын талдау және оларды тәжірибелік форматта қолдану студенттердің коммуникативтік мәдениетін жетілдіруге ықпал етеді. Пікірталас, эссе жазу, рөлдік және ситуациялық ойындар студенттердің өз көзқарасын мәдени әрі дәлелді түрде жеткізуіне мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдер «адаммен тіл табысу мәдениетін» қалыптастырып, қарым-қатынас процесінде толеранттылық, тыңдай білу және келісімге келу қабілеттерін дамытады.

3. Жеке рефлексия мен көшбасшылық тәжірибе. Абайдың философиялық ой-тұжырымдарын оқу және талдау студенттің өзін тұлға ретінде тануына, өзінің мінез-құлқын бақылауға және ұжымдағы этикалық шешім қабылдау тәжірибесін меңгеруге ықпал етеді. Бұл бағыт студенттің өзін-өзі дамыту, өзіндік талдау және басқарушы шешім қабылдау дағдыларын жүйелі қалыптастыруға негізделеді.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда, басқарушы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үдерісі үш өзара байланысты кезеңнен тұрады:

Білімдік кезең – студенттерге Абайдың көзқарастары, адамгершілік категориялары мен басқарушы идеялары түсіндіріліп, теориялық білім қоры қалыптастырылады;

Құндылықтық кезең – алынған білім студенттің ішкі сеніміне, жеке өмірлік ұстанымына айналып, мінез-құлықтық деңгейде көрініс табады;

Іс-әрекеттік кезең – студент меңгерген құндылықтар мен білімін практикада, ұжымдық шешім қабылдау, көшбасшылық және кәсіби коммуникация жағдайларында қолдана бастайды.

Абайдың рухани-философиялық ілімі қазіргі заманғы менеджмент теорияларымен өзара сабақтас. Бұл – ұлттық руханият пен жаһандық басқарушы ойдың үйлесімді синтезін көрсететін маңызды ғылыми негіз.

Абай ілімі	Қазіргі менеджмент теориясы	Ортақ қағида
«Толық адам» концепциясы	<i>Human-centered management</i> (P. Drucker)	Адамның дамуын басты құндылық ретінде тану
«Әділет пен рақым»	<i>Ethical leadership</i> (D. Goleman, 2013)	Басқарудағы этикалық шешім қабылдау
«Ақыл – адам көрігі»	<i>Cognitive leadership</i> (H. Mintzberg, 2004)	Интеллектуалды басқарушы ойлау
«Ынсап пен қанағат»	<i>Sustainable leadership</i>	Ұзақ мерзімді, жауапты басқару принципі

Бұл ұқсастықтар Абай мұрасының тек ұлттық әдебиет пен философия аясында ғана емес, қазіргі заманғы гуманистік менеджмент моделін қалыптастыруда да маңызды ғылыми-тәжірибелік рөл атқара алатынын дәлелдейді.

Сонымен, Абай шығармашылығын жоғары білім беру процесінде жүйелі қолдану – студенттердің басқарушы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың пәрменді тетігі болып табылады. Мұндай тәсіл студенттердің рухани және кәсіби дамуын үйлестіріп, басқарушы шешім қабылдауда этикалық, эмоционалдық және когнитивтік компоненттердің өзара байланысын қамтамасыз етеді. Осы бағыттағы педагогикалық жұмыс нәтижесінде адамға бағытталған басқарушы мәдениет қалыптасып, ұлттық руханият пен заманауи менеджмент қағидаларының интеграциясы жүзеге асырылмақ.

Қорытынды. Жоспарланып отырған зерттеу нәтижесінде алынатын ғылыми-әдістемелік тұжырымдар Абай Құнанбайұлының шығармалары қазіргі жоғары білім беру жүйесінде басқарушы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың қуатты рухани-педагогикалық негізі бола алатынын айқындайды. Абайдың адам мен қоғам, еңбек пен әділет, ақыл мен жүрек туралы философиялық ойлары студенттің тұлғалық кемелденуіне, жауапкершілік пен өзара сыйластыққа негізделген кәсіби қатынас мәдениетін дамытуға бағытталған құндылықтық бағдар береді.

Абайдың «толық адам» тұжырымдамасы – студенттің өзін-өзі тану, ішкі үйлесім орнату және ұжыммен тиімді қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамытуда шешуші рөл атқара алады. Бұл идеялар білім беру процесінде рухани-адамгершілік мазмұнды күшейтіп, студенттің кәсіби және тұлғалық өсуін үйлестіруге мүмкіндік береді.

Абай мұралары тек әдеби немесе философиялық құндылық қана емес, қазіргі педагогикалық менеджмент пен гуманистік білім берудің практикалық-әдістемелік негізіне айнала алады. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық рухани мұраларды заманауи оқыту технологияларымен ұштастыру — жоғары оқу орындарында басқарушы мәдениетті дамытудың өзекті инновациялық бағыты болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауының «Ұлттың жаңа болмысы» деп аталатын бағытында: «Қазіргі міндет – халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру. Адамды және қоғамды уақыт талабына сай жетілдіру қажеттілігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Жаңарған ұлт қана жаңғырған елдің жетістігін жаһан жұртына таныта алады. Мен халқымыздың әлем үлгі тұтарлық жақсы қасиеттерінің көбірек болғанын қалаймын. Ұлтымыз жаңа сапаға көшуі үшін біздің күнделікті өмірлік ұстанымдарымыз да өзгеруі керек. Қазақ қоғамында жаңа қағидаттар және жаңа бағдарлар салтанат құруға тиіс» деген болатын [10]. Осы орайда білім беру жүйесінде Абай ілімін қолданудың өзектілігін айқындайды. Осы идеяны оқу-тәрбие процесіне енгізу жастарды әділ, жауапты және парасатты басшы ретінде тәрбиелеудің маңызды құралы болмақ.

Университет қабырғасында Абайдың қара сөздері мен өлеңдеріне сүйенген талқылау сабақтары, тренингтер мен пікірталастар өткізу студенттердің көшбасшылық қабілеттерін, кәсіби этикасын және өзара қарым-қатынас мәдениетін дамытуға елеулі ықпал етеді деп күтіледі.

Басқарушы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда Абай ілімін қолдану студенттерді тек болашақ маман ретінде ғана емес, сонымен қатар рухани-интеллектуалды тұлға, ұжымдық жауапкершілігі жоғары азамат ретінде тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Бұл бағыт ХХІ ғасырдағы қазақстандық жоғары білім берудің стратегиялық даму басымдықтарымен толық үндеседі.

Осыған байланысты төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

- Абайдың философиялық және этикалық қағидалары студенттердің басқарушы мәдениетін дамытудың әдіснамалық және құндылықтық іргетасы бола алады;
- ұлттық рухани мұраға негізделген тәрбие мен оқыту студенттердің тұлғалық кемелденуін, ұжымдық әрекетке бейімделуін және эмоционалды интеллектін арттыруға ықпал етеді;
- білім беру менеджменті жүйесінде гуманистік және этикалық мазмұнды күшейту

басқарушы қарым-қатынас мәдениетін сапалы қалыптастырудың тиімді тетігі болып табылады.

Жоспарланған зерттеу нәтижелері Абайдың рухани мұрасын білім беру тәжірибесіне енгізу бағытындағы болашақ ғылыми және әдістемелік жұмыстарға теориялық бағдар бола алады. Бұл бағыттағы ізденістер педагогикалық инновация ретінде қарастырылып, білім беру жүйесінде ұлттық идея мен жаһандық құндылықтардың үйлесімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. ЖОО студенттерінің басқарушы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру турасындағы ойымызды абайтанушы танымал ғалым, философ Ғ.Есімнің: «Абай шығармаларын бір рет қана оқып қоймақ түгілі, тіптен оның шығармаларын жаттап алу да аз, мәселе оны түсінуде. Абай адам санасы кемелденіп, толысқан сайын түсінікті бола бастайды. Әр ұрпақ Абайдан өз түсінігін табады...» деген сөзімен қорытындылағымыз келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» // Егемен Қазақстан, 2 қыркүйек 2022 ж.
2. Тоқаев Қ.-Ж.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Egemem Qazaqstan, 9 қаңтар 2020 жыл.
3. Ғабдуллин Б. Абайдың этикалық көзқарастары. – Алматы, 1970.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығ. екі томдық толық жинағы. Птом. – Алматы, 219-бет, 1995.
5. 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Кіру режимі: URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>. [Қаралған күні: 10.10.2025]
6. Drucker, P. *Management Challenges for the 21st Century*. – New York: Harper Business, 1999.
7. Mintzberg, H. *Managers Not MBAs: A Hard Look at the Soft Practice of Managing and Management Development*. – San Francisco: Berrett-Koehler, 2004.
8. Әбу Насыр Әл-Фараби. Қайырымды қала. – Алматы, 2015. – 284 б.
9. Абай Құнанбайұлы. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер. /Құраст. Т.Бельгер. – Алматы, 2007. – 193 б]
10. Әуезов М. Шығармаларының жинағы. – Алматы, 2003.- 452 б.
11. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Кіру режимі: URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek. [Қаралған күні: 10.10.2025]

REFERENCES

1. President of the Republic of Kazakhstan. (2022, September 2). A Just State. A United Nation. A Prosperous Society. Address to the People of Kazakhstan. Egemem Qazaqstan.
2. Tokayev, K.-Zh. K. (2020, January 9). Abai and the Twenty-First Century Kazakhstan. Egemem Qazaqstan.
3. Gabdullin, B. (1970). Abai's Ethical Views. Almaty.
4. Abai (Ibrahim) Kunanbayev. (1995). Complete Works in Two Volumes. Volume II (p. 219). Almaty.
5. State Program for the Development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2020–2025. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> [Accessed October 10, 2025].
6. Drucker, P. (1999). *Management Challenges for the 21st Century*. New York: Harper Business.

7. Mintzberg, H. (2004). *Managers Not MBAs: A Hard Look at the Soft Practice of Managing and Management Development*. San Francisco: Berrett-Koehler.
8. Abu Nasr al-Farabi. (2015). *The Virtuous City*. Almaty, 284 p.
9. Abai Kunanbayuly. (2007). *Poems, Epics, Translations, and Words of Edification* (Compiled by T. Belger). Almaty, 193 p.
10. Auezov, M. (2003). *Collected Works*. Almaty, 452 p.
11. President Kassym-Jomart Tokayev. (2020, September 1). Address to the People of Kazakhstan. Retrieved from https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauly-2020-zhylygy-1-kyrkuiek [Accessed October 10, 2025].

ФОРМИРОВАНИЕ КУЛЬТУРЫ УПРАВЛЕНЧЕСКОГО ОБЩЕНИЯ СТУДЕНТОВ ВУЗОВ ЧЕРЕЗ ПРОИЗВЕДЕНИЯ АБАЯ КУНАНБАЯ

Жусип А.О.¹, Калиева Э.И.¹

¹Университет Есенова, г.Актау, Казахстан

e-mail: aigul.opazyzy@gmail.com e-mail: elmira.kaliyeva@yu.edu.kz

Аннотация. В данной статье исследуется педагогическая эффективность использования философского и этического наследия Абая Кунанбайулы в формировании культуры управленческого общения студентов в современной системе высшего образования. В исследовании базируется рассмотрение управленческой культуры не только как организационных и профессиональных способностей, но и как комплексного явления через эмоциональный интеллект, этические размышления и духовное сознание. В исследовании рассматривается педагогический потенциал произведений Абая Кунанбаевича в формировании культуры управленческого общения студентов в современной системе высшего образования.

В статье анализируются управленческие, нравственные и этические идеи в назиданиях и стихах Абая по сравнению с ценностями современного управления образованием. Поэт сказал: "Будь Человеком!" идеи трудолюбия, справедливости и ответственности рассматриваются как основной психолого-педагогический механизм, направленный на личностное совершенствование студента и развитие культуры профессионального общения. Планируемая исследовательская работа состоит из диагностического, экспериментального и заключительного этапов. В нем будет проанализировано влияние внеклассных мероприятий, организованных на основе произведений Абая, на правящую культуру студентов. В качестве методической основы будут использованы подходы сравнительно-аналитического, историко-философского и педагогического моделирования.

В статье теоретически обосновывается роль концепции Абая «полный человек» и духовно-нравственных принципов в словах назидания в развитии эмоционального интеллекта и коммуникативных компетенций студентов.

Кроме того, философия Абая в сочетании с современными теориями менеджмента и концепциями лидерства дает интегративную основу для профессионального и личностного развития студентов. Статья доказывает методическую и практическую ценность объединения национального духовного наследия и современных педагогических методов в образовательном процессе, данное направление представляется как инновационный педагогический опыт формирования управленческой культуры студентов.

Ключевые слова: Абай Кунанбаев, управленческая культура, общение, концепция «Полного человека», высшее образование, лидерство, этика, педагогические условия, студенческая среда.

FORMATION OF A CULTURE OF MANAGERIAL COMMUNICATION AMONG UNIVERSITY STUDENTS THROUGH THE WORKS OF ABAI KUNANBAYEV

Zhussip A.¹, Kaliyeva E.¹

¹Yessenov University, Aktau, Kazakhstan

e-mail: aigul.opaqyzy@gmail.com e-mail: elmira.kaliyeva@yu.edu.kz

Abstract. This article examines the pedagogical effectiveness of using the philosophical and ethical heritage of Abai Kunanbayuly in shaping the culture of managerial communication of students in the modern system of higher education. The study is based on the consideration of managerial culture not only as organizational and professional abilities, but also as a complex phenomenon through emotional intelligence, ethical reflection and spiritual consciousness. The study examines the pedagogical potential of Abai Kunanbaevich's works in shaping the culture of managerial communication among students in the modern higher education system.

The article analyzes managerial, moral and ethical ideas in Abai's edification and poetry in comparison with the values of modern education management. The poet said, "Be a Man!" The ideas of diligence, justice and responsibility are considered as the main psychological and pedagogical mechanism aimed at the personal improvement of the student and the development of a culture of professional communication. The planned research work consists of diagnostic, experimental and final stages. It will analyze the impact of extracurricular activities based on Abai's works on the ruling culture of students. The approaches of comparative-analytical, historical-philosophical and pedagogical modeling will be used as a methodological basis.

The article theoretically substantiates the role of the Abai concept of "complete man" and spiritual and moral principles in the words of edification in the development of emotional intelligence and communicative competencies of students.

In addition, Abai's philosophy, combined with modern management theories and leadership concepts, provides an integrative framework for students' professional and personal development. The article proves the methodological and practical value of combining the national spiritual heritage and modern pedagogical methods in the educational process, this area is presented as an innovative pedagogical experience in the formation of students' managerial culture.

Keywords: Abai Kunanbayev, managerial culture, communication, «Perfect man» concept, higher education, leadership, ethics, pedagogical conditions, student environment.